

Болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселелері

Педагог – бұл барлық жастағы балаларға оқу-білім және тәрбие беру тәжірибесімен үздіксіз айналысатын тұлға. Педагогтың тәжірибелі маман ретінде кәсіби қалыптасуының аспектілері психология және педагогика ғылымында оның тұлғалық, сапалы іскерлік қасиеттері, кәсібилік және кәсіби құзіреттілігі арқылы қарастырылады. Педагогтың кәсіби қалыптасуы оның бойында интеллектуалды, (кәсіби білімі және тәжірибе) эмоционалды, (эмоциялық сезімі) іс-әрекеттік (іскерлік даярлығы, өзін-өзі ұстай білуі) рухани-адамгершілік (құндылық бағдары, мәдениеті) мәдениетінің дамуы ретінде қарастыру қажет. Педагогтың кәсіби мәдениеті – интеграциялы түсінік, ол оқытушының жалпы мәдениеттілігінің белгісі ретінде оның өз қызметін атқару барысында кәсіби сапасы арқылы көрінеді.

Адамзат қоғамы рухани дүниесіз өмір сүре алмайтыны бәрімізге белгілі. Ал оқытушы-педагогтың рухани дүниесінің бай болуы оның сыртқы қоршаған ортамен үйлесімділікте болуын қамтамасыз ететіне ешкімнің таласы жоқ болар. Қазіргі уақытта елімізде өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге баса мән берілуде. Біздің мемлекетте бұл жауапты міндет негізінен білім беру мекемелеріне жүктелген. Оның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына бала кезінен ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық секілді рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіре отырып жан-дүниесі бай, терең ойлы, жауапкершілікті сезінетін қоғамның толыққанды азаматын қалыптастыру. Адамның рухани дүниесінің жан-жақты болуы оның қоршаған ортаны жоғары интеллектуалды және эмоционалды тануына мүмкіндік береді.

Адамзат баласының өз ұрпағына оқу-білім және тәрбие, тәрбие мәселесіндегі өзіндік дүниетанымын қалыптастыру мәселесі мыңдаған жылдар бойы өзектілігін жоғалтқан емес. Осы орайда қоғамның әлеуметтік-психологиялық қалпы мен мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті тығыз байланыста қарастырылатыны сөзсіз.

Оқытушы-педагогтың ішкі рухани жан-дүниесі мамандығына, білім беруші шәкірттерімен арасындағы қарым-қатынасына, қоршаған ортаға, қоғам мен мемлекеттегі өзгерістерге көзқарасы оқу процесіне ғана емес, білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына да өз әсерін тигізеді. Алдағы уақытта қоғамның дамуы оқытушы-педагогтың дүниетаным көкжиегі мен оның рухани-адамгершілік құндылықтары арқылы айқындалады.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Адамгершілік тәрбиесі адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, әлі де жетіліп келеді. Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді.

Сондықтан оқытушы-педагогтың кәсіби педагогикалық қызметінде және жеке өмірінде, әріптестері мен шәкірттерімен арадағы қарым-қатынасында адамгершілік құндылықтарды, моральдық нормаларды басшылыққа алуы ұрпақ тәрбиесінде ең бірінші кезекте қойылатын талап екендігі даусыз. Егер мұғалімнің өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымы жоғары болмаса,

өз шәкірттері үшін үлгі тұтарлық тұлға дәрежесіне жетпесе, онда тәрбиелік бағдарламалардың да нәтижесі де шамалы болар деп топшылаймын. Ең жоғарғы кәсіби дайындықтың өзі егер де жоғары кәсіби этикаға, еңбексүйгіштік дәстүрлеріне, жауапкершілікке, ынталылыққа негізделген адамгершілік құндылықтарды тірек етпесе қажетті нәтижеге жетпейді. Қоғамдағы рухани бағдарлардың бұзылуы ұстаздың жеке басының маңыздылығын, оның адамгершілік және эстетикалық позициясын, оның қоршаған ортаға, адамдарға, әлеуметтік идеяларға, өзінің рухани әлеуетін іске асыруға қатынасын арттыра түседі. Ұстаз ғана қоғам үшін өзінің адамгершілік тазалығымен, бекзаттығымен, кәсіби борышына берілгендігімен, дүниені жетілдіре беруге талпынуымен үлгі бола алады. Білім саласы мен мектептердің тарихына зер салсақ, қоғамдық дамудың күрделі кезеңдерінде Ұстаз ғана тұрақтандырушы фактор бола білді. Оқушы үшін ұстаздың қоршаған орта жөнінде қандай көзқараста болатындығының да, оның табиғатпен, өнермен, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасы қалай құрылатындығының да ерекше орны бар. Тәрбиеленуші ұстазының жеке басында бәрінен де не айқындалатындығына көңіл бөледі. Сондықтан да жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру қоғам үшін көкейтесті мәселе. Ал жоғары интеллектуалды тұлға ретінде оқытушы- педагогтың өзі адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық, отансүйгіштік, адалдық, ұлттық салт-дәстүрге құрмет секілді асыл қасиеттерге ие болу қажет. Осыған орай оқытушы –педагог қазіргі жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделту, әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып мақсат қойғызу, ұлттық санасының, отансүйгіштік қасиеттерінің жоғары болып, өз елінің ұлттық санасы, отансүйгіштік қасиеттері болып, елінің экономикалық дамыған, әлемдік қоғамда өзіндік орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына қатысуға талпынтып, заңды сыйлап, қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы бар жастарды қалыптастыру қажет. Сонымен қатар студент жастардың тұлғааралық қатынасын дамыту, яғни өз құрбы-құрдастарымен, отбасы мүшелерімен, ұстаздарымен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және даралық ерекшелігін жасына, жынысына, ұлтына қарамастан саналы түрде түсіне білуі және өзіне сырт көзбен қарап, өзінің көңіл-күйін, атқарған іс-әрекетінің себебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі – тәрбиедегі басты мәселе болып табылады.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — әрбір бала өсіріп отырған ата-ана мен ұстаздың қоғам алдындағы борышы. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Кез-келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және сан алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы - оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Адамгершілік қадір-қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру, жалпы қазақ қоғамының, отбасының, тәлім-тәрбие қағидаларының басты өзегі. «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген қағидадан бастау алатын адамгершілік тәрбие мазмұны ұрпақты қоғамдық, әлеуметтік ортамен адамдармен ортадағы қарым-қатынастарға енуіне ықпал жасайтын жағымды мінез-құлықтық қасиеттерге баулиды. Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына басым көңіл бөлген халқымыз өміртануды діттеп, оның пәлсапалық заңдылықтарын терең ұғынған. Жан азығынан мақұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып, оның хайуанға айналатынын ертеден ұғынған халқымыз жан азығын ең әуелі нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруді бастайды, одан соң жас балдырған жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіреді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін

жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Жас ұрпақты халқымыздың құнды еңбектерімен жас кезінен намысшыл, отаншыл болуға, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелесек, мерейіміз әрқашан үстем болмақ. Оқытушының рухани-адамгершілік мәдениеті өз шәкірттерінің білімі мен мүмкіндіктерін бағалай білуі және педагогикалық үдерістерден тыс қалмауы арқылы да бағаланады. Жоғарыда келтірілген ой-пікірлерді түйіндей келе оқытушының моральдық санасының жоғары болуы, эмоциялық сезімі мен адами құндылықтарға бай болуы рухани-адамгершілік мәдениетінің біртұтас элементтерінің жүйесі болатынын көруге болады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рысбеков Т., Рысбекова С. Болашақ ұстаз тұлғасының кәсіби дамуы // Қазақ тарихы. – 2013. № 4(121). 6-7б.
2. Джанабаева Р.А, Касенова С.Ә. Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық негіздері // Педагогика және психология. – 2013. №3. 108-111б.
3. Есенаманова. Қ. Көпмәдениетті ортада оқушылардың адамгершілігін тәрбиелеу //Педагогика және өнер. – 2012. №3. 24-27б.
4. Таутенбаева.А. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. – автореферат. дисс. пед.ғ. к. – Алматы. 2009.
5. Айдналиева. Н. А. Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық негіздері. – автореферат. дисс. пед.ғ. к. – Астана. 2010.

Омаров Д.К. PhD докторанты, **Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қаласы.** daulet_omarov_2014@mail.ru